

“ҚАЗФОСФАТ” ЖШС

Орындаған: Ажиров Н.

● Жоспары:

Жаңа Жамбыл фосфор зауыты;

- Минералды тыңайтқыштар зауыты;


- «Қаратау» тау-кен өңдеу кешені;

- «Шолақтау» тау-кен өңдеу кешені;

- Теміржол-көлік кешені;

- Шымкент синтетикалық жуғыш заттар зауыты

- «Қазфосфат» ЖШС Компаниясы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес 1999 жылы 27 қазанда құрылды. Бас офісі Алматы қаласында орналасқан. Ал негізгі өндірістік қуаттары Жамбыл облысында шоғырланғандықтан Компанияның іс-қаракеттері оның Тараз қаласындағы офісі арқылы басқарылады. «Қазфосфат» ЖШС—фосфаттар шығарудан бастап, олардан өндірілетін түпкі өнімді өз меншігіндегі Теміржол-көлік кешені күшімен жеткеруге дейінгі бүкіл жұмысты бір өзі атқаратын Қазақстан жеріндегі бірегей компания.
- Компания қызметінің негізгі түрлері: геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, фосфорит рудасын шығару және өңдеу, сары фосфор мен оның туындыларын, фосфорлы минералды тыңайтқыштар мен азықтық фосфаттарды өндіру және өткеру, минералды шикізаттар негізінде өнеркәсіп өнімдерін шығару.



«Қазфосфат» ЖШС құрамына кіретін кәсіпорындар:

- Жаңа Жамбыл фосфор зауыты;
- Минералды тыңайтқыштар зауыты;
- «Қаратау» тау-кен өңдеу кешені;
- «Шолақтау» тау-кен өңдеу кешені;
- Теміржол-көлік кешені;
- Степногор «Химиялық зауыты»;
- Шымкент синтетикалық жуғыш заттар зауыты.

«Қазфосфат» ЖШС, ТМД елдері арасында фосфорлы өнімдер өндіретін жетекші компания ретінде Қазақстан Республикасының фосфор өндіруші өнеркәсібі болып табылады.

«Қазфосфат» ЖШС өнімдері Шығыс және Батыс Еуропаға, ТМД елдеріне, Қытайға және ішкі рынокқа шығарылады.

Компания қызметі Қазақстанның химия саласы кәсіпорындарын дамытудағы өзекті міндеттерді шешуге, әлемдік рынокқа бәсекеге қабілетті сапалы өнім шығаруға, шикізат өңдеудің жоғары деңгейін көрсететін жоғары технологиялық тауарлар өткеруші ретінде Қазақстан Республикасының бедел-бейнесін жасауға бағытталған.



Жаңа Жамбыл фосфор зауыты

ЖЖФЗ сары фосфор және құрамында фосфоры бар өнімдер шығаратын химиялық зауыт болып табылады, Тараз қаласының шекарасынан солтүстік-батысқа қарай 15 шақырым қашық-тықта «Кіші Қаратау» жотасының Үлкен Бурыл сілемінің терістік етегіне орналасқан. Зауыттың жалпы аумағы 644,75 гектар.

Кәсіпорын құрамына келесі негізгі өндірістер кіреді:

үш АКМ-312 аглошинасы бар агломерат өндірісі;

құрамына әрқайсысының қуаты 80 МВт төрт РКЗ-80Ф-И1 іспетті рудатермиялық электр пештері кіретін 1 блокты сары фосфор өндірісі;

екі технологиялық желісі бар термиялық фосфор қышқылы өндірісі;

төрт технологиялық желісі бар техникалық натрий үшполифосфаты өндірісі;

бір технологиялық желісі бар техникалық натрий гексаметафосфаты өндірісі;

түйіршіктелген термофосфор қожын шығару;

феррофосфор шығару;

техникалық түйіршіктелген натрий үшполифосфатын шығару;

тағамдық ортофосфор қышқылын шығару;

тағамдық натрий үшполифосфатын шығару;





- Кәсіпорында жаһандық тәжірибеде алғаш рет сары фосфорды фосфорит шикізатының агломераттанған ұнтағынан алу технологиясы енгізілген. Филиал баяу гидрат-талатын НҮПФ шығаруды игерді. Сары фосфорды өндіру кезінде пеште пайда болатын балқыған өнімдерден – кож бен феррофосфор алынады.

Түйіршіктелген кож жол салу құрылысы мен цемент шығару өндірісінде қолданылады.

Зауыт шығаратын феррофосфордың 4 түрі отандық металлургияда кең қолданылады және өзге елдерге экспортталынады.

- Фосфор мен оның қосылыстары халық шаруашылығының түрлі салаларында кеңінен қолданылады: сіріңке өндірісінде, шойын мен құрышқа қосу үшін металлургияда, мата, пластмасса, ағашқа отқа қарсы төзімділік беру үшін химия өнеркәсібінде, бұрғы сұйықтықтарын, тіс пастасын, көптеген тағамдық және фармацевтикалық препараттар алу үшін қолданылады. Фосфор қосылыстары фосфорорганикалық қосылыстар (тиофос, кар-бофос, т. б.) өндірісінде де үлкен қолданысқа ие.

Тараз қаласындағы "Қазфосфат" ЖШС «**Минералды тыңайтқыштар**» зауыты филиалы ауыл шаруашылығы үшін минералды тыңайтқыштар, азықтық фторсызданған фосфаттар шығаратын химиялық зауыт болып табылады. Зауыт 449,2 га жерді алып жатыр. Оның құрамына келесі негізгі өндірістер кіреді:

фосфорлы-азотты тыңайтқыштар - аммофос өндірісі (ди-және моноаммонийфосфат қоспасы) 46% P_2O_5 , 10% N;

қарапайым суперфосфат өндірісі 19% P_2O_5 ;

сульфоаммофос өндірісі 18% P_2O_5 , 18% N;

нитроаммофос өндірісі 22% P_2O_5 , 22% N;

Азықтық үшкальцийфосфат өндірісі 27% P_2O_5 ;

Азықтық кальцийнатрийфосфат өндірісі 41% P_2O_5 ;



Шығарылатын өнімнің негізгі бөлігі ішкі рынокта сатылады. Бірнеше жылдан бері отандық ауылшаруашылығы өндірісшілерін тыңайтқыштармен қамтамасыз ету үшін оны қаражаттандырудың мемлекеттік Бағдарламасы жұмыс істеуде. Сонымен қатар тыңайтқыштар Қытай, Украина, Белоруссия, Тәжікстан рыноктарында сатылады. Ауғанстан, Қырғызстан, Румыния, Чехия, Болгария, Иранның фосфорлы тыңайтқыштар рыногын игеру үшін үлкен жұмыстар атқарылуда.

- 2013 жылдың тамызында ҚР президенті Н.А. Назарбаевтың ҚР химия өнеркәсібін дамыту мен мемлекеттік Қарқынды индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы бойынша алға қойған міндеттерін жүзеге асыру мақсатында «Қазфосфат» ЖШС «Минералды тыңайтқыштар» филиалында электр қуатын үстемелеуші жылына 600 мың тонна моногидрат өндіретін күкірт қышқылы өндірісі іске қосылды. «Минералды тыңайтқыштар» зауытының Күкірт қышқылы цехында 2013 жылы 22 қарашада өзінің жұмыс сапарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болып кетті.





2013 жылдан бастап күкірт қышқылын сабақтастыру әдіс-тәсілімен өндіретін заманауи өндіріс іске қосылғаннан кейін минералды тыңайтқыштар шығаруды жылына 400-450 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік туды. Күкірт қышқылы өндірісін инвестициялау сомасы 15 млн. теңгеге жетті. Цех Германия, Чехия, РФ, Жапония мен Қазақстанда шығарылған жаңа жабдықтармен жарақтандырылды. Күкірт қышқылын өндіру барысында бөлінетін будан алынатын 25 мегаватт электр қуаты зауытты өз электр қуатымен қамтамасыз етеді. 138 адам тұрақты жұмыс орнына ие болды.

- «Қазфосфат» ЖШС-нің филиалы «Қаратау» тау-кен өңдеу кешені фосфорит кенін қазып алып, өңдейтін тау-кен комбинаты болып табылады
- Фосфоритті қазып алу жұмыстары Көксу, Көкжон, Жаңатас кеніштерінде «Қазфосфат» ЖШС мен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес жүзеге асырылуда.





- Қаратау қойнауындағы фосфорлы шикізат базасының негізгі артықшылықтары:
- Жүздеген миллион тонна кені негізінен аса ірі кен орындарында шоғырланған орасан үлкен қор;
- Алынатын кен құрамындағы P_2O_5 пайдалы бөлігінің үлесі (21–25%) біршама жоғары;
- өнеркәсіптік тұрғыдан игеріліп, қалыптасқан өңірде, фосфор тыңайтқыштарының ірі тұтынушылары болып табылатын Қазақстанның мақта және қант қызылшасын егумен айналысатын аудандары мен Орталық Азия елдеріне жақын орналасуы.
- Бұлардан өзге Тоғызбай және Дөңгелек кеніштерінде әрлеу жұмыстарына арналған жен-тек тастар қазып алу жұмыстары жүргізіледі.



- «Қазфосфат» ЖШС-нің филиалы «Шолақтау» тау-кен өңдеу кешені (әрі қарай ТКӨК) фосфорит кенін қазып алып, өңдейтін тау-кен комбинаты болып табылады.

Бүгінде «Шолақтау» ТКӨК фосфорит кенін Жамбыл облысының Талас ауданындағы үш кен орнынан қазып алуда. Бұлар Шолақтау, Ақсай, Шилібұлақ кеніштері. Оларда кен қазып алып, оны дайындаудың алғашқы кезектегі жұмыстарын атқаратын кешендер құрылған, сондай-ақ автокөлік және теміржол цехтары, механикалық-жөндеу және құрылыс-жөндеу бөлімшелері бар.

- Бір мезгілде баршаға мәлім пайдалы қазба байлықтары—шыны жасау өнеркәсібінде қолданылатын әктастар мен доломит кеніштерінде де қазба жұмыстары жүргізіледі.

- Филиалда «Жастар» кенішінен шығатын фосфорит кенін ұсақтаудың ең оңтайлы жүйесі енгізілген. Бұл тұйықталған цикл бойынша жүретін ұсақтап-сұрыптау жұмыстары барысында автокөліктік, эксковаторлық, бульдозорлық жұмыстар көлемін қысқартуға мүмкіндік берді; «Шолақтау» өнеркәсіп алаңының қазандығы сұйық отыннан анағұрлым үнемді әрі экологиялық тұрғыдан таза отын түріне – табиғи газды пайдалануға көшірілді.
- «Шолақтау» ТКӨК құрылымына кіретін өндірістік бөлімшелер аз емес:
- Бұл - «Шолақтау» жерасты кеніші, ұсақтап-сұрыптау цехы, автокөлік цехы, қуатпен қамтамасыз ету цехы, механикалық-жөндеу цехы, құрылыс-жөндеу цехы, техникалық бақылау бөлімі, сатып алып-жабдықтау бөлімі және ішкі режимді бақылау цехы. Бір-бірімен байланысты бұл бөлімшелердің бәрі бірлесе, келісе отырып жұмыс істейді.



- **Қазфосфат» ЖШС Шымкент филиалы** 2000 жылдың шілдесінде құрылды. Негізгі жұмысы синтетикалық жуғыш заттар өндірісі.

Құрылу тарихы: Аумағы 4,238 га болатын Синтетикалық жуғыш заттар өндірісі 1978 жылы Шымкент фосфор тұздары зауытының өндірістік алаңында салынып, іске қосылды. Өндірістің жобалық қуаты жылына 60 мың тонналық синтетикалық жуғыш заттарды құрады. 1984 жылдың ақпанынан бастап жылына олардың 10 мың тоннасын ірі қапшықтарға салып буып-түюіге, ал 50 мың тоннасын шағын қораптарға салып буып-түюіге қолжетті. Тоқтаусыз жұмыс істеген аралықта, 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында кәсіпорын өзіне пайда әкелген «Салтанат», «Эра-А», «Сла-вянка», «Лотос» синтетикалық жуғыш заттары өндірісін игерді. 1995 жылдан бастап, жекелеген шикізаттар мен айналымға салар өндірістік жабдықтардың жетіспеуі салдарынан тоқтатылды.

- 2000 жылдың мамырында ұзаққа созылған іркілістен кейін оны қайта іске қосу мақсатында Қазфосфат» ЖШС сатып алды. СЖЗ өндірісінің базасында негізінен мине-ралды шикізаттарды өңдеп, түрлі өнеркәсіп өнімдері мен халық тұтынатын тауарлар шығаратын компания филиалы құрылды.

- 2004 жылдың қаңтарынан бастап филиалды іске қосуға бағытталған жұмыстарды қаржыландыру тоқтатылып, құрал-жабдықтар ұзақ мерзімдік сақтауға алынды, жөндеу жұмыстарын жүргізуші және басқарушы құрам толық қысқартылды. Қазір онда тек филиал мен бірқатар субабоненттерді электр қуатымен қамтамасыз ететін БТШС ғана жұмыс істейді. Сонымен қатар келісім-шартпен субабоненттерге пайдалануға берілген ішкі теміржол қатынастары да қолданыста. СЖЗ шығаратын негізгі өндіріс жұмыс істемейді.



Теміржол-көлік кешені

1974 жылдың наурызында Химия өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен Жамбыл химия зауыттары көлік цехтарының негізінде Жамбыл облысы химия зауыттарының жүгін тасымалдауды қамтамасыз ететін Жамбыл өнеркәсіптік теміржол көліктері кәсіпорны (ЖӨТКК) құрылды.



1992 жылдың 30 қыркүйегінде Жамбыл өнеркәсіптік теміржол көліктері кәсіпорны жекеше-лендіріліп, оның негізінде “Промтранс” ААҚ құрылды.

1997 жылдың 1 қазанынан бастап кәсіпорын «Қазфосфор» ААҚ-ның филиалы – «Хим-транс» болып қайта құрылды.

1998 жылдың 1 шілдесінен бастап 2000 жылдың 31 желтоқсанына дейін – «Тексуна Кеми-клз Инк» ЖШС «Теміржол-көлік кешені».

2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап – «Қазфосфат» ЖШС «Теміржол-көлік кешені» филиалы.

